
Дәуіт 1

COMIC BIBLE
SOCIETY

Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2022

Kingstone Comics maintains copyright to this comic book as provided by United States copyright law.

Print and digital copies of this version may be freely distributed without penalty under a Creative Commons license.


ҚҰДАЙ ИСРАИЛ ХАЛҚЫНЫҢ БИЛІК ЕТІП ҚҰДАЙЫ БОЛҒЫСЫ КЕЛДІ.
ОЛАР ИЕҺОВАДАН ҚОРҒАНЫШ ПЕН БИЛІК ЕТСЕ ЕКЕН ДЕП ҚАЛАДЫ.


ҚҰДАЙ ОЛАРДЫ МЫСЫРДАН ШЫҒАРУ ҮШІН ҒАЖАЙЫП КЕРЕМЕТТЕР ІСТЕДІ. СОДАН КЕЙІН ОЛАРДЫ УӘДЕ ЕТІЛГЕН ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРДЫ.


ОЛАР УӘДЕ ЕТІЛГЕН ЖЕРДІ ЖАЙҒАСЫП ТОЛТЫРҒАННАН КЕЙІН ЖАРАТҚАН ИЕ ОЛАРҒА БИЛЕР ТАҒАЙЫНДАП ОТЫРДЫ? ОЛАР ХАЛЫҚТЫ ТОНАҒАН ЖАУЛАРЫНЫҢ ҚОЛЫНАН ҚҰТҚАРДЫ.

БИЛЕР 2:16-17






БИЛЕР 2:18; ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 7:3; ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 8:1-3


СЕН ҚАРТАЙДЫҢ, АЛ СЕНІҢ ҰЛДАРЫҢ БОЛСА СЕН СИЯҚТЫ ҚҰДАЙДЫҢ ЖОЛДАРЫМЕН ЖҮРМЕЙДІ.
БІЗГЕ БИЛІК ЕТЕТІН ПАТША КЕРЕК.--
--СОНДА БІЗ ДЕ БАСҚА ХАЛЫҚТАР СИЯҚТЫ БОЛАМЫЗ.
ИӘ, БІЗГЕ ПАТШАНЫ ТАҒАЙЫНДА. СЕН БҰЛ ЖЕРДЕ КӨП УАҚЫТ БИЛІК ЕТЕ АЛМАЙСЫҢ.
САМУИЛ ХАЛЫҚТЫҢ КҮЛЛІ СӨЗДЕРІН ТЫҢДАҒАННАН КЕЙІН, ЖАРАТҚАН ИЕГЕ СИЫНЫП БӘРІН АЙТЫП БЕРДІ.
“ХАЛЫҚТЫҢ АЙТҚАНЫНА КӨНІП, ПАТШАСЫН ТАҒАЙЫНДАП БЕР! ОЛАР СЕНЕН ЕМЕС, МЕНЕН БАС ТАРТЫП, ӨЗДЕРІНЕ ПАТШАЛЫҚ ЕТУІМЕ ҚАРСЫ ШЫҒЫП ТҰР.”
“МЕН ОЛАРДЫ МЫСЫРДАН АЛЫП ШЫҚҚАННАН БЕРІ МАҒАН АДАЛ БОЛМАЙ, БӨТЕН ТӘҢІРЛЕРГЕ ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТІП КЕЛГЕНДЕРІ СИЯҚТЫ, ЕНДІ САҒАН ДА СОЛАЙ ІСТЕП ОТЫР.”
“СОНЫМЕН, АЙТҚАНДАРЫНА ҚҰЛАҚ АС.БІРАҚ ҮСТЕРІНЕН БИЛІК ҚҰРАТЫН ПАТШАНЫҢ ЕРКІН ОЛАРҒА МЫҚТАП БІЛДІРТ.”


СЕНДЕР НЕ СҰРАП ТҰРҒАНДАРЫҢДЫ БІЛМЕЙСІҢДЕР.
ЕГЕР СЕНДЕРГЕ ҚҰДАЙ ЕМЕС, ПАТШАНЫҢ БИЛІК ЕТКЕНІҢ ҚАЛАСАҢДАР, ОЛ СЕНДЕРГЕ МЫНАНДАЙ НӘРСЕЛЕРДІ ЖАСАЙТЫН БОЛАДЫ --
-- СЕНДЕРДІ БАСҚАРАТЫН ПАТАШНЫҢ МЫНАНДАЙ ҚҰҚЫҚТАРЫ БОЛАДЫ..
ПАТША СЕНДЕРДІҢ ҰЛДАРЫҢДЫ АЛЫП, ӨЗІНІҢ СОҒЫС КҮЙМЕЛЕР МЕН АТТАРЫН ҚАРАТЫП ҚОЯДЫ.
ПАТША ҰЛДАРЫҢНЫҢ КЕЙБІРЕУЛЕРІН ӨЗ ЖАСАҒЫНА МЫҢБАСЫЛАР МЕН ЕЛУБАСЫЛАР ЕТІП ТАҒАЙЫНДАЙДЫ...
АЛ БАСҚАЛАРЫНА ӨЗІНІҢ ЖЕРЛЕРІН ӨҢДЕТІП,ЕГІНІҢ ОТЫРҒЫЗЫП ЖҰМЫСТАР ЖАСАТЫП ҚОЯДЫ.
ҚЫЗДАРЫҢДЫ САРАЙЫНА ИІСМАЙ ЖАСАУШЫ, АЗПАСШЫ НЕ НАУБАЙШЫ ЕТІП АЛЫП КЕТЕДІ.
ОЛ, СОНДАЙ-АҚ, ӨЗДЕРІҢНІҢ ЕГІНДІКТЕРІҢ МЕН ЖҮЗІМ БАҚТАРЫҢНАН ЖИНАҒАН ӨНІМДЕРІҢНІҢ ОН БӨЛІГІНІҢ БІРІН АЛЫП, УӘЗІРЛЕРІ МЕН БАСҚА ДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ТАБЫСТАЙДЫ.




ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 8:18-22






ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 9:1-13


АЛ ЖАРАТҚАН ИЕ САУЛДЫҢ КЕЛЕРІНЕН БІР КҮН БҰРЫН САМУИЛГЕ АЯН БЕРІП БЫЛАЙ ДЕГЕН БОЛАТЫН...
“ЕРТЕҢ ОСЫ УАҚЫТТА САҒАН БУНЫМИН ЖЕРІНЕН БІР АДАМДЫ ЖІБЕРЕМІН.”
“ОҒАН МАЙ ЖАҒУ РӘСІМІН ЖАСАП, ОНЫ МЕНШІКТІ ХАЛҚЫМ ИСРАИЛДІҢ БАСШЫСЫ ЕТІП ТАҒАЙЫНДА! ОЛ ХАЛҚЫМДЫ ФІЛІСТІРЛЕРДІҢ ҚОЛ АСТЫНАН АЗАТ ЕТЕДІ.”
“ХАЛҚЫМНЫҢ ҚИНАЛҒАН АЙҚАЙЫ ҚҰЛАҒЫМА ЖЕТІП, ОЛАРҒА НАЗАР АУДАРЫП КЕЛЕМІН.”
"САҒАН АЙТҚАН АДАМЫМ,МІНЕ, ОСЫ. ОЛ ХАЛҚЫМДЫ БАСҚАРАТЫН БОЛАДЫ."
ТӘҢІР ИЕ АЯН БЕРЕТІН КӨРІПКЕЛДІҢ ҮЙІ ҚАЙДА ЕКЕНІН АЙТЫП ЖІБЕРМЕЙСІЗ БЕ?
СОЛ КІСІ МЕНМІН.


САМУИЛ ҚҰДАЙДЫҢ АЙТҚАН НҰСҚАУЛАРЫН ОРЫНДАП, САУЛДЫ ИСРАИЛДІҢ БІРІНШІ ПАТШАСЫ ЕТІП МАЙЛАДЫ.
САМУИЛ САУЛДІ ПАТШАЛЫҚҚА МАЙЛАҒАННАН КЕЙІН ИСРАИЛ ХАЛҚЫНЫҢ АЛДЫНДА СОҢҒЫ СӨЗДЕРІН СӨЙЛЕДІ.
УА, ХАЛАЙЫҚ, МЕН АЙТҚАНДАРЫҢНЫҢ БӘРІНЕ ҚҰЛАҚ АСЫП, ПАТША ТАҒАЙЫНДАҒАН БЕРДІМ.
ЕНДІ, МІНЕ, СЕНДЕРДІ БАСТАП ЖҮРЕТІНПАТШАЛАРЫҢ ОСЫ.
ЛАЙЫМ ЖАРАТҚАН ИЕНІ ТЕРЕҢ ҚАСТЕРЛЕП, ОҒАН ҚЫЗМЕТ ЕТІҢДЕР, ОНЫҢ АЙТҚАНДАРЫНА ҚҰЛАҚ АСЫП,БЕРГЕН ӨСИЕТТЕРІНЕ ҚАРСЫ БАС КӨТЕРМЕҢДЕР! ОСЫЛАЙША ӨЗДЕРІҢ ДЕ, БАСҚАРАТЫН ПАТШАЛАРЫҢ ДА ҚҰДАЙДЫҢ ТУРА ЖОЛЫМЕН ЖҮРІҢДЕР!
АЛ ЕГЕР ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ АЙТҚАНДАРЫНА ҚҰЛАҚ АСПАЙ, ОНЫҢ ӨСИЕТТЕРІНЕ ҚАРСЫ ШЫҚСАҢДАР, ОЛ АТА-БАБАЛАРЫҢДЫ ӨАЛАЙ ЖАЗАЛАҒАН БОЛСА, СЕНДЕРДІ ДН СОЛАЙ ЖАЗАЛАЙТЫН БОЛАДЫ.
СОДАН СОҢ САМУИЛ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ДАУЫСТАП СИЫНҒАНДА, ОЛ КҮН КҮНКІРЕТІП, ЖАҢБЫР ЖАУҒЫЗДЫ.
ОСЫНЫ КӨРГЕН БҮКІЛ ХАЛЫҚ ЖАРАТҚАН ИЕ МЕН САМУИЛДЕН ҚАТТЫ СЕКСЕНІП, ОЛАРДЫ ТЕРЕҢ ҚАСТЕРЛЕЙТІН БОЛДЫ.










ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 10:8 13: 5-9


СЕН НЕ ІСТЕДІҢ?
ҚАСЫМДАҒЫ АДАМДАРЫМНЫҢ БЫТЫРАП КЕТІП ЖАТҚАНЫН КӨРДІМ. АЛ ӨЗІҢІЗ КЕЛЕМІН ДЕГЕН УАҚЫТТА КЕЛМЕЙ ҚАЛДЫҢЫЗ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ ФІЛІСТІРЛЕР БІЗГЕ ЖАҚЫНДАП ҚАЛДЫ.
--’МЕН СОНДА ФІЛІСТІРЛЕР ҚАЗІР КЕЛІП, МАҒАН ҚАРСЫ ШАБУЫЛ ЖАСАМАҚШЫ, АЛ МЕН ӨЗІМЕ ОҢ КӨЗІМЕН ҚАРАСЫН ДЕП ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ӘЛІ ДЕ СЫЙ-ТАРТУ ҰСЫНҒАН ЖОҚПЫН ҒОЙ ДЕП ОЙЛАДЫМ.’”
СОДАН МЕН ҚҰРБАНДЫҚТЫ ШАЛЫП, ӨРТЕП ҰСЫНУ,А ТИІСТІМІН ДЕП ЕСЕПТЕДІМ.
СЕН ҮЛКЕН АҚЫМАҚТЫҚ ЖАСАДЫҢ.
СЕН ӨЗ ҚҰДАЙЫҢ БЕРГЕН БҰЙРЫҒЫН ОРЫНДАМАДЫҢ. ОСЫ БҰЙРЫҚТЫ ОРЫНДАҒАНДА ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНІҢ ПАТШАЛЫҒЫҢДЫ МӘҢГІЛІККЕ БЕКІТЕР ЕДІ.
ЕНДІ ПАТШАЛЫҚ ЕТУІҢ БЕРІК БОЛМАЙДЫ.
ЖАРА ҚАН ИЕ ӨЗІНІҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН БІРЕУДІ ТАУЫП АЛАДЫ. СОЛ АДАМ ОНЫҢ МЕНШІКТІ ХАЛҚЫНЫҢ БАСШЫСЫ БОЛАДЫ. ӨЙТКЕНІ СЕН ҚҰДАЙДЫҢ БҰЙРЫҒЫН ОРЫНДАҒАН ЖОҚСЫН.


СОЛ ЗАМАНДА БҮКІЛ ИСРАИЛ ЕЛІНДЕ ТЕМІР ҚҰРАЛ ЖАСАЙТЫН БІРДЕ-БІР ҰСТА ЖОҚ БОЛАТЫН СЕБЕБІ ФІЛІСТІРЛЕР ОЛАРДАН ҚАУІПТЕНІП, СОЛ АДАМДАРДЫ АЛЫП КЕТЕТІН.
КҮЛЛІ ИСРАИЛДІКТЕР СОҚА-КЕТПЕНДЕРІН, БАЛТА-ОРАҚТАРЫН ҚАЙРАП АЛУ ҮШІН ФІЛІСТІРЛЕРГЕ БАРУҒА ТИІС БОЛАТЫН.
ОНДАЙ ҚАРУ ТЕК ПАТША САУЛДА ЖӘНЕ ПАТШАЗАДАНЫҢ ЖОНАТАННЫҢ ҒАНА ҚОЛЫНДА БОЛДЫ.
БІР КҮНІ САУЛ ПАТША ШАТЫРДА БҰЛ ЖАҒДАЙДЫОЙЛАП  УАЙЫМДАП ОТЫРҒАН КЕЗДЕ, ЖОНАТАНҒА БІР ОЙ КЕЛЕДІ.
ЖҮР, МЫНА ҚҰДАЙСЫЗДАРДЫҢ ТОБЫНА БАРАЙЫҚ. МҮМКІН, ЖАРАТҚАН ИЕ БІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕР. НЕ АЗ, НЕ КӨП АДАМ АРҚЫЛЫ БОЛСЫН, БӘРІБІР ЖАРАТҚАН ИЕ ҚҰТҚАРА АЛАДЫ!
ЖАРАЙДЫ, ОЙҒА АЛҒАНЫҢЫЗДЫ ОРЫНДАҢЫЗ. ҚАЙДА БАРСАҢЫЗ ДА, СІЗДІ ЖАН-ТӘНІММЕН ҚОЛДАЙМЫН.


ФІЛІСТІРЛЕРДІҢ ТОБЫ ЖАРТАСТА ОРНАЛАСЫП,КІШІГІРІМ ТОПҚА НАЗАР АУДАРДЫ.
ОЛАРДЫҢ ЖАЛҒЫЗ БҰЛ ТОПТЫ ЖЕҢУІ МҮМКІН БОЛМАДЫ. ФІЛІСТІРЛЕРДІ ЖЕҢУ ҮШІН ОЛАРҒА ҮЛКЕН ЖАСАҚ КЕРЕК ЕДІ.
БІРАҚ ЖОНАТАН БАСҚА ОЙЫ БОЛДЫ.
БЕРІ ҚАРА, АНАЛАРДЫҢ ЖАҒЫНА ҚАРАЙ ӨТІП БАРЫП, ОЛАРҒА КӨРІНЕЙІК. ЕГЕР ОЛАР: "БІЗ ТӨМЕН ТҮСІП КЕЛГЕНШЕ КҮТЕ ТҰРЫҢДАР" ДЕСЕ,ОНДА ТҰРҒАН ЖЕРІМІЗДЕ ТҰРА БЕРЕЙІК.
АЛ ЕГЕР:"БІЗГЕ ҚАРАЙ ЖОҒАРЫ КӨТЕРІЛІҢДЕР" ДЕСЕ, СОЛАЙ ІСТЕЙМІЗ. БҰЛ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ОЛАРДЫ ҚОЛЫМЫЗҒА ТАБЫСТАҒАНЫНЫҢ БЕЛГІСІ БОЛМАҚ.
ЖҮР, ҚАЙДА БАРСАҢЫЗ ДА, СІЗДІ ЖАН-ТӘНІММЕН ҚОЛДАЙМЫН.
ҚАРАҢДАРШЫ,БІР-ЕКІ ИСРАИЛДІК ТЫҒЫЛЫП ҚАЛҒАН ҚУЫСТАРЫНАН ШЫҒЫП КЕЛЕ ЖАТЫР.
БЕРІ ШЫҒЫҢДАР, СЕНДЕРГЕ БІР НӘРСЕ КӨРСЕТЕМІЗ!




ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 14:12-14






ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 14:15-24




ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 14:24-45


БІРАЗ УАҚЫТ ӨТКЕН СОҢ САМУИЛ САУЛҒА ҚҰДАЙДАН БҰЙРЫҚ СӨЙЛЕДІ. ИСРАИЛДІКТЕР МЫСЫРДАН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ ОЛАРҒА АМАЛЕК ТАЙПАСЫ ШАБУЫЛ ЖАСАҒАНЫ ҮШІН КӨЗІН ЖОЙЫП ЖІБЕРУ КЕРЕКТІГІН АЙТТЫ.
САУЛ АМАЛЕК ТАЙПАСЫНА ШАБУЫЛ ЖАСАП, ҚҰДАЙДЫҢ БҰЙРЫҒЫН БҰЗДЫ. АМАЛЕК ТАЙПАСЫНЫҢ ПАТШАСЫН ӨЛТІРМЕДІ ЖӘНЕ ДЕ БАРЛЫҚ ОЛЖАНЫ ӨЗІНЕ ҚАЛДЫРДЫ.
САМУИЛ САУЛҒА ҚҰДАЙДАН МЫНАНДАЙ СӨЗДЕР АЙТТЫ:ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ СӨЗІНЕН БАС ТАРТТЫҢ. СОДАН ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНІ ПАТША ЕТУДЕН БАС ТАРТТЫ.
БҰДАН КЕЙІН САМУИЛ КЕТІП, ӨЛЕ-ӨЛГЕНШЕ САУЛМЕН КЕЗДЕСПЕДІ. БІРАҚ ОЛ САУЛ ҮШІН ҚАЙҒЫРЫП ОНЫ ЖОҚТАП ЖҮРДІ.
“СЕН САУЛ ҮШІН ҚАШАНҒЫ ҚАЙҒЫРА БЕРМЕКСІҢМЕН ОНЫҢ ИСРАИЛ ПАТШАСЫ БОЛУЫНАН БАС ТАРТТЫМ?”
“БІР ҚҰТЫНЫ ХОШ ИІСТІ МАЙҒА ТОЛТЫРЫП АЛЫП, ЖОЛҒА ШЫҚ.”
“БЕТЛЕХЕМДІК ЕСЕЙГЕ БАР, ОНЫҢ ҰЛДАРЫНЫҢ ІШІНЕН БІРЕУІН ПАТША ЕТУГЕ ТАҢДАП АЛДЫМ.”
“ӨЗІМ АЙТҚАН АДАМҒА МАЙ ЖАҒУ РӘСІМІН ЖАСАЙСЫҢ.”


САМУИЛ БЕТЛЕХЕМГЕ КЕЛІСІМЕН ЕСЕЙДІҢ ҰЛДАРЫН ШАҚЫРТЫП АЛЫП БАРЛЫҒЫН ҚАРАП ШЫҚТЫ.
СІРӘ, ЖАРАТҚАН ИЕ ТАҒАЙЫНДАЙТЫН ПАТША ОСЫ ШЫҒАР!
“СЕН ОНЫҢ БЕТ-ЖҮЗІНЕ, БОЙШАҢДЫҒЫНА ҚАРАМАЙ-АҚ ҚОЙ.”
“СЕБЕБІ ҚҰДАЙ ПЕНДЕНІҢ КӨЗІМЕН ҚАРАМАЙДЫ ҒОЙ.”
“ПЕНДЕ НАЗАРЫН АДАМНЫҢ БЕТ-ЖҮЗІНЕ АУДАРАДЫ, АЛ ЖАРАТҚАН ИЕ ОНЫҢ ЖҮРЕГІНЕ КӨЗ САЛАДЫ.”
БАРЛЫҚ ҰЛДАРЫҢ ОСЫЛАР МА?
ТАҒЫ БІР КЕНЖЕ ҰЛЫМ БАР--
-- ОЛ ҚОЙ-ЕШКІ БАҒЫП ЖҮР.
КІСІ ЖІБЕРІП, ОНЫ АЛДЫРТШЫ!СОЛ КЕЛМЕЙІНШЕ ҚҰРБАНДЫҚ АСЫНА ОТЫРМАЙМЫЗ.
ТҰР, БҰЛ- СОЛ.
"ОҒАН МАЙ ЖАҒУ РӘСІМІН ЖАСА."
САМУИЛ АЛЫП КЕЛГЕН ҚҰТЫСЫН ҚОЛҒА АЛЫП, ДӘУІТКЕ АҒАЛАРЫНЫҢ КӨЗІНШЕ МАЙ ЖАҒУ РӘСІМІН ОРЫНДАДЫ. СОЛ КҮННЕН БАСТАП ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ РУХЫ ДӘУІТКЕ ҚОНДЫ.


АЛ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ РУХЫ САУЛДЫ ТАСТАП КЕТКЕН ЕДІ.СОДАН БАСТАП ТӘҢІР ИЕ ЖІБЕРГЕН БІР ҚИНАЙТЫН РУХ САУЛДЫҢ ҮРЕЙІНҰШЫРЫП ҚОРҰЫТАТЫН БОЛДЫ.
ҚАРАҢЫЗ, СІЗДІ ҚҰДАЙ ЖІБЕРГЕН БІР ҚИНАЙТЫН РУХ ҚОРҚЫТЫП ЖҮР.
ЕНДЕШЕ, ТАҚСЫР ИЕМІЗ АЛДЫҢЫЗДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІҢІЗГЕ ДОМБЫРАНЫ ШЕБЕР ТАРТАТЫН БІРЕУДІ ТАУЫП АЛЫП КЕЛУГЕ ӘМІР ЕТЕ КӨРІҢІЗ.
ҚИНАЙТЫН РУХ СІЗГЕ ҚОНҒАН КЕЗДЕ ӘЛГІ АДАМ ДОМБЫРА ТАРТСЫН. СОНДА ӨЗІҢІЗДІ ЖАҚСЫ СЕЗІНЕР ЕДІҢІЗ.
МЕН БЕТЛЕХЕМДІК ЕСЕЙДІҢ ЖАҚСЫ КҮЙ ТАРТАТЫН БІР ҰЛЫН КӨРГЕНМІН. ОЛ МЫҚТЫ ДА БАТЫЛ ЖІГІТ.
ОЙЛАП СӨЙЛЕЙДІ, СЫРТ КӨРІНІСІ ДЕ КЕЛІСТІ.
ЖАРАТҚАН ИЕ ДЕ ОҒАН ЖАР БОЛЫП КЕЛЕДІ.
СӨЙТІП ДӘУІТ ПАТШАЛЫҚТА КҮЙШІ РЕТІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАДЫ.СОНДА САУЛ ТӘУІР БОЛЫП, ҚИНАЙТЫН РУХ ТА ОНЫ ТАСТАП КЕТЕТІН.
САУЛ ДӘУІТТІ ҚАРУ ТАСУШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ ЕТІП ҚОЙДЫ.


БІРАЗ УАҚЫТТАН КЕЙІН ФІЛІСТІРЛЕР ӨЗДЕРІНІҢ ЖАСАҚТАРЫН СОҒЫСҚА ЖИНАДЫ.ОЛАР ЯҺУДА РУЫНЫҢ ЖЕРІНДЕГІ СОХО ҚАЛАСЫНЫҢ МАҢАЙЫНДА БАС ҚОСЫП, ИСРАИЛДІКТЕР ЕМЕН ЖИНАЛЫП, ШАЙҚАСҚА ДАЙЫНДАЛДЫ.
ФІЛІСТІРЛЕР БІР ТӨБЕНІҢ,ИСРАИЛДІКТЕР ЕКІНШІ ТӨБЕНІҢ БЕТКЕЙІНДЕ ТҰРЫП. АРАЛЫНДА АҢҒАР ЖАТТЫ.
БІРАҚ ФІЛІСТІРЛІКТЕР ӨЗІМЕН БІРГЕ ҚҰПИЯ ҚАРУДЫ АЛЫП КЕЛДІ.
ҒАТ ҚАЛАСЫНАН КЕЛГЕН ЕСІМІ ҒОЛИЯТ БОЙЫ АЛТЫ ШЫНТАҚ БОЛАТЫН.
ОНЫҢ ҮСТІНДЕГІ ҚАБЫРШАҚ ТӘРІЗДІ ЖАСАЛҒАН ҚОЛА САУЫТЫНЫҢ САЛМАҒЫ 57 КГ БОЛДЫ.
ОНЫҢ СҮҢГІСІНІҢ АҒАШ САБЫ БАҚАНДАЙ ЖУАН, АЛ СОНЫҢ ТЕМІР ҰШЫНЫҢ САЛМАҒЫ 7 КГ БОЛАТЫН.
ОҒАН ҚАРАҒАНДА ЕШ ЖЕҢІЛІП ҚАЛАТЫНДАЙ АДАМҒА ҰҚСАМАЙТЫН.


ӘР КҮНДЕ ҒОЛИЯТ ДАЛАҒА ШЫҒЫП, ИСРАИЛДІҢ ЖАСАҒЫН МАЗАҚТАП ҚОРҚЫТАТЫН.
СЕНДЕР НЕГЕ САП ТҮЗЕП ТҰРСЫҢДАР?
МЕН ФІЛІСТІРМІН, АЛ СЕНДЕР САУЛДЫҢ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҒАНА ЕМЕССІҢДЕР МЕ?
ЕНДЕШЕ АРАЛАРЫҢНАН БІРЕУДІ ТАҢДАП АЛЫҢДАР, ОЛ ҚАСЫМА КЕЛСІН .
ЕГЕР ОЛ МЕНІМЕН ШАЙҚАСЫП, КӨЗІМДІ ҚҰРТСА, ОНДА БІЗ СЕНДЕРДІҢ ҚҰЛДАРЫҢА АЙНАЛАМЫЗ.АЛ ЕГЕР МЕН ОНЫ ЖЕҢІП, ӨЛТІРСЕМ, ОНДА СЕНДЕР БІЗГЕ ҚҰЛ БОЛЫП ҚЫЗМЕТ ЕТЕСІҢДЕР.


БІРДЕ ЕСЕЙ ДӘУІТТІ АҒАЛАРЫНА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МЫҢБАСЫЛАРЫНА ТАМАҚ АПАРУ ҮШІН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ХАЛ-ЖАҒДАЙЫН БІЛІП БЕРСІН ДЕП ЖІБЕРДІ.
БҮГІН МЕН ИСРАИЛДІҢ КӨЗІН ҚҰРТАМЫН!
МЕНІМЕН ШАЙҚАСҚА ТҮСЕТІН БІР АДАМДЫ ЖІБЕРІҢДЕРШІ.
БҰЛ ҚҰДАЙСЫЗ ФІЛІСТІР МӘҢГІ ТІРІ ҚҰДАЙДЫҢ ӘСКЕР САПТАРЫН МАСҚАРАЛАЙТЫНДАЙ КІМ ЕДІ, СОНША?
БІРАҚ ҮЛКЕН АҒАСЫ ДӘУІТТІҢ САРБАЗДАРЫМЕН СӨЙЛЕСІП ЖАТҚАНЫН КӨРІП АШУЛАНДЫ.
НЕСІНЕ МҰНДА ЖЕТІП КЕЛДІҢ? АНА АЗҒАНТАЙ ҚОЙДЫ АЙДАЛАДА КІММЕН ҚАЛДЫРДЫҢ?
СЕНІҢ ӨРКӨКІРЕКТІГІҢДІ ӘРІ ЖҮРЕГІҢНІҢ ЗҰЛЫМДЫҒЫН БІЛЕМІН.МҰНДА ТЕК ШАЙҚАСТЫКӨРУ ҮШІН КЕЛДІҢ ҒОЙ.
БІР-ЕКІ АУЫЗ СӨЗ АЙТҚАННАН БАСҚА МЕН СОНШАМА НЕ ІСТЕП ҚОЙДЫМ?
МЫНА ФІЛІСТІРДІҢ КӨЗІН ҚҰРТЫП, ИСРАИЛДІҢ КӨРІП ОТЫРҒАН МАСҚАРАСЫН ТОҚТАТАҚАН АДАМҒА НЕ БЕРІЛМЕК ДЕДІҢДЕР?
ПАТШАМЫЗ СОҒАН ЗОР БАЙЛЫҚ СЫЙЛАЙДЫ, СОНДАЙ-АҚ, ОҒАН ӨЗ ҚЫЗЫН БЕРІП, БҮКІЛ ӘУЛЕТІН ДЕ АЛЫМ-САЛЫҚТАН БОСАТЫЛАДЫ.






ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 17:31-35




ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 17:36-40


ҒОЛИАТ ДӘУІТТІ КӨРГЕН КЕЗДЕ МАЗАҚТАЙ БАСТАДЫ.
МАҒАН ТАЯҚПЕН ШЫҒАТЫНДАЙ ИТ ПЕ ЕДІМ, СОНША?
ИСРАИЛДІҢ ҚҰДАЙЫН ҚАРҒЫС АТСЫН.
КӘНЕ, МАҒАН ЖАҚЫДАП КӨРШІ!ЕТІҢДІ ЖЫРТҚЫШ ҚҰС ПЕН АҢҒА ЖЕМДІК ҚЫЛЫП БЕРЕЙІН!
СЕН МАҒАН ҚАРСЫ СЕМСЕР, СҮҢГІ, НАЙЗАМЕН КЕЛЕСІҢ.АЛ МЕН САҒАН ӘЛЕМНІҢ ИЕСІНІҢ АТЫМЕН, ИӘ, ӨЗІҢ МАСҚАРАЛАП ОТЫРҒАН ИСРАИЛДІК ӘСКЕРИ САПТАРЫНЫҢ ҚҰДАЙЫНЫҢ АТЫМЕН КЕЛЕ ЖАТЫРМЫН!


БҮГІН ЖАРАТҚАН ИЕ СЕНІ МЕНІҢ ҚОЛЫМА ТҮСІРЕДІ. СЕНІ ӨЛТІРІП, БАСЫҢДЫ ШАУЫП ТАСТАЙМЫН.
ФІЛІСТІР ӘСКЕРІНІҢ ӨЛІКТЕРІН ЖЫРТҚЫШ ҚҰС ПЕН АҢҒА ЖЕМТІК ҚЫЛЫП БЕРЕМІН. СОНДА БҮКІЛ ӘЛЕМ ИСРАИЛДЕ ШЫНАЙ ҚҰДАЙДЫҢ БАР ЕКЕНІН БІЛЕТІН БОЛАДЫ.
МҰНДА ЖИНАЛҒАНДАРДЫҢ БӘРІ ДЕ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ҚҰТҚАРУ ҮШІН СЕМСЕР МЕН СҮҢГІНІ КЕРЕК ҚЫЛМАЙТЫНЫНА КӨЗ ЖЕТКІЗЕТІН БОЛАДЫ!СЕБЕБІ БҰЛ СОҒЫСТЫ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ӨЗІ ЖҮРГІЗІП, СЕНДЕРДІ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗҒА ТАПСЫРАДЫ.
СОНДА ФІЛІСТІР АЛҒА ЖҮРІП, ДӘУІТКЕ ТАМАН ЖАҚЫНДАП КЕЛДІ. АЛ ДӘУІТ ОҒАН ҚАРСЫ ЖҮГІРДІ.






АЙЙЙЙ


ИӘӘӘӘӘ!!!
ДӘУІТ АЙТҚАНЫҢ ОРЫНДАДЫ!
МУМКІН ЕМЕСТІ ЖАСАДЫ-ҒОЛИАТТЫ ӨЛТІРДІ!






ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 17:52-53




ПАТАШАЛЫҚТАР 1 Ж 17:57-58






ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж 18:2

"THE BIBLE EXPLAINED
IN EVERY LANGUAGE."













**SUPERBIBLE.TV**